

## "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 қыркүйек N 1091. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.02. N 925 қаулысымен.

*ЕСКЕРТУ. Бұл қаулының күші жойылған - ҚРҰ-нің 1998.02.03. N 73*

қ а у л ы с ы м е н

*ЕСКЕРТУ. Бұл қаулы 1998 жылдың 6 қыркүйегінен бастап қайта күшіне енді және бірінші абзацы, 1 және 4-тармақтары алынып тасталды, 2,3 және 5-тармақтар тиісінше 1,2 және 3-тармақтар болып саналды - ҚРҰ-нің 1998.02.19. N 120 қаулысымен .*

Жалпы пайдаланатын телекоммуникация жүйелерін одан әрі дамыту мен модернизациялау, сондай-ақ телекоммуникациялық қызмет көрсетуді дамыту мен жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланылатын телекоммуникациялар жүйесін дамытуға және модернизациялауға арналып Үкіметтің кепілдігімен алынған шет ел кредитін уақтылы өтеу жөнінде қолайлы жағдай туғызу үшін "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының мәртебесі Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланылатын телекоммуникациялары бірыңғай жүйесінің ұлттық операторы және қалааралық әрі халықаралық байланысты эксклюзивті операторы ретінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақтелекомға" қосымша алты жылдық кезеңге ұзарту мүмкіндігімен Келісім шарттарына сәйкес тоғыз жыл мерзімге лицензия берсін. Субъектілердің телекоммуникация саласындағы қызметін жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініштерін қарау кезінде жалпы пайдаланудағы телекоммуникация жүйелері ұлттық операторының пікірі ескерілсін және олардың мүдделеріне қысым ж а с а у ғ а ж о л б е р і л м е с і н .

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының компания шығарған акцияның 49 (қырық тоғыз) процентіне сәйкес келетін, 5946900 (бес миллион тоғыз жүз қырық алты мың тоғыз жүз) дауыс беретін әдеттегі акциясын сату үшін беретін болсын.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*орынбасары*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК